

# 1 Қыркүйек - Білім күніне арналған мерекелік салтанатты жиын



Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби сазды кеш



Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «**Ұлтын сүйген ұлы жүрек**» атты ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған 5-7-сынып оқушылары арасында өткізілген сынып аралық білім сайысы



Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ер есімі-ел есінде» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші



# Математика, информатика, физика пән апталығы



# АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІ ПӘН АПТАЛЫҒЫ



## Бстауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» сайысы



23 - сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне байланысты. Ауылымыздың азаматы ұлағатты ұстаз Ермахан Нысанбек атамыздың немересі Мейрамбекұлы Шыңғыс "Кітап ал" - Қазақстанды кітап оқитын елге айналдырамыз. компаниясынан кітап алып. Мектебімізге елу (50) дана балаларға арналған көркем әдеби кітаптар сыйға тарту етті. Алғысымыз шексіз.





20 сәуір күні мектебімізде "Таза Қазақстан. Түркістан - тазалық пен тәртіптің үлгісі" акциясы аясында, мектеп ауласына тазалық жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған "ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР" ескерткішінің айналасы абаттандырылып, гүл көшеттері егілді.



Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі әзірлеген „Тоғыз айға 9 іс - шара,, тұжырымдамасын іске асыру мақсатында республикалық ғылыми - педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" республикалық челленджі ұйымдастырылуына сәйкес "Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектеп" „Менің сүйікті кітабым" көрмесі ұйымдастырылып және Созақ ауданынан шыққан, артына тұтас бір әдеби дәстүр, ұлттың сөз өнеріміздің дамуына айтарлықтай із қалдырған ақын, Ескермес Жақсымбетұлы туралы оқушыларға шығармашылық мағлұмат беріліп „Бұлар Созақтан еді,, кітабын насихаттады.



Созақ ауданының білім бөлімінің «Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ер есімі-ел есінде» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешіне ауылымыздың мақтанышы болып жүрген, ауған соғысының ардагерлері Айтқұлов Жұмағали және Әбілдаев Анарбек ағаларымыз қадірлі қонақ болып қатысты.



Созақ ауданының білім бөлімінің "Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 25 мамыр күні "Мектебім, саған мың алғыс" тақырыбында мектеп бітіруші түлектерге арналған соңғы қоңырау мерекесі өткізілді.

Салтанатты шараға ауыл әкімі, ардагерлер, ұстаздар, ата аналар, және мектеп бітіргендеріне 10 жыл толған түлектер қатысты. Мектебімізді 2023-2024 оқу жылында 27 жас түлек сәтті аяқтап, үлкен жолға қанат қаққалы тұр. Салтанатты жиынды мектеп директоры Төлепов Ерғали Қаржаубайұлы құттықтау сөз сөйлеп ашып, жас түлектерге ақ жол тіледі. Іс-шараға арнайы келген қонақтарда құттықтау сөз сөйлеп мектеп бітіруші түлектерге сәт-сапар тіледі.

